

Кіріспе

Бұл жұмыс оқу жоспары дуальдық оқыту жүйесі элементтерін пайдалана отырып, білім алушылардың құзыретін негізгі білім беру нәтижелері түрінде бағалауды әзірлеу негізінде құзыреттілік тәсілді және модульдік оқытуды пайдалану мүмкіндігін қарастырған.

Осы жұмыс оқу жоспарына сәйкес, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқу үрдісі экспериментті түрде дуальдық оқыту жүйесі элементтерін қолдана отырып, ұйымдастырылады.

Білім алушыларға қатысты дифференциалды, жеке тұрғыдан келу, білім беретін оқу орындарында оқу үрдісі экспериментті дамыту, педагогтардың оқытудың инновациялық әдістерін кеңінен таңдау еркіндігі қамтамасыз етіледі.

Жұмыс оқу жоспары білім беруді басқаруды корпоративтік сипатта іске асыруға, қоғамның, еңбек нарығы экономикасының үнемі өзгеріс үстіндегі қажеттіліктеріне тез бейімделуге бағытталған.

1. Қолдану саласы

Осы жұмыс оқу жоспары ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына сәйкес бекітілген. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты және оғрта білім берудің жалпыға міндеті стандарты негізінде әзірленіп, 1201000- «Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының, 120107 2-«Авто –көлікті жөндеу слесары» біліктілігі бойынша білім мазмұнына, өндірістік оқу және өндірістік тәжірибе жүктемелерінің барынша көп көлеміне және мамандардың даярлық деңгейіне қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Даярлық деңгейіне қойылатын талаптар

Базалық құзырет:

БҚ1. Еңбекке қолайлы жағдай туғызу

БҚ2. Алған кәсіби білімін қолдануы

БҚ3. Әріптестермен ынтымақтастық пен оңды өзара әрекеттесуге дайын болу

БҚ4. Еңбек қауіпсіздігі, өрт және электр қауіпсіздігі мен ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтау

БҚ5. Өрт сөндіру құралдарын қолдану

БҚ6. Жұмыстың уақытында орындалуын қамтамасыз ету

БҚ7. Еңбек заңына сәйкес өзінің құқығын қорғауды білу

Кәсіби құзырет:

КҚ1. Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу операцияларының ретін анықтау

КҚ2. Әмбебап және арнаулы техникалық қызмет көрсету бекеттерінде диагностиканы ұйымдастыру түрлерін анықтай білу

КҚ3. Техникалық қызмет көрсету бекеті негізінде автокөліктердің агрегаттары мен жекелеген бөлшектерін қалпына келтіру жолдарын анықтау

КҚ4. Автокөліктердің ақаулары туралы диагностикалық анықтамалар тіркемесін құру түрлері мен әдістемелерін анықтау

КҚ5. Техникалық қызмет көрсету, жөндеу диагностика жасау түрлері мен әдістемелерін анықтау

КҚ6. Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі және автокөліктерді пайдалану ережелерін сақтау шараларын анықтау

Арнайы құзырет:

- АҚ1. Автокөліктердің жеке бөлшектері және агрегаттарын бұзып- жинау технеологиясын сақтау
- АҚ2. Үшінші разрядты слесарлық тжұмыстарды істеу
- АҚ3. Бақылап өлшейтін құралдар және олардың нұсқауларымен дұрыс жүргізе білу
- АҚ4. Орындалған жұмыстардың сапасын анықтау

3. Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойлатын талаптар

3.1. 1201000-«Автокөліктерге техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының, 120107 2-«Автомобильдерді жөндеуші слесарь»

Біліктілігі бойынша білім беру оқу бағдарламасының құрылымы пәндердің келесі циклдеріне біріктірілген пәндер мен білім алушылардың оқу жұмысы түрлерінің тізбесін анықтайды:

-жалпы білім беру пәндері (ЖБП)

-жалпы кәсіптік пәндер(ЖКП)

-арнайы пәндер (АП)

-кәсіптік пәндер (КП)

-емтихандар (Е)

-консультациялар (К)

-факультативтер(Ф)

3.2. Жалпы білім беру пәндері бойынша дйындық деңгейіне қойылатын талаптар ҚР МЖМБС 2003-2002 «Орта білім. Негізгі ережелер» мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі талаптарына сәйкес келеді.

Жалпы білім беру оқу бағдарламалары мазмұнының көлемі барлық білім беру оқу бағдарламаларының жалпы көлемінің (4212 сағ.) 34%-ын құрайтын жалпы білім беру пәндерінің жиынтығымен айқындалады(1448сағ.)

3.3. Кәсіптік қызметтің теориялық және тәжірибелік негізін үйрететін білім беру бағдарламаларының жалпы кәсіптік білім беру, арнайы пәндер, өндірістік оқыту мен кәсіптік практика бойынша мазмұны барлық білім беру оқу бағдарламаларының жалпы көлемінің 66%-ын құрайды (2764сағ.)

3.4. Өндірістік оқыту және кәсіптік практикға бағдарламаларының мазмұны ЖКП, АП және КО, КП білім беру оқу бағдарламаларының (2764сағ.) жалпы көлемінің 77%-ын құрайды (2118сағ)

3.5. Типтік оқу жоспарының сәйкес КО мен КП –ға 1728 сағ. берілген. Экспериметтік жұмыс оқу жоспарында практикалық білім беру оқу бағдарламасы мазмұнының көлемі 2118 сағатты құрап отыр. Яғни, 390 сағатқа көбейтіліп отыр. Талдап айтатын болсақ:

- ЖГП циклынан 264 сағат ГОСО және «Білім туралы» Заңның 17 бап талаптарына сәйкес алынды;
- Білім беру ұйымы анықтай пәндер -18 сағат;
- Арнайы пәндерден ЛПС-ға бөлінген -108 сағат

Барлығы 390 сағат.

3.6. 120107 2 – «автомобильдерді жөндеуші слесарь» біліктілігі бойынша техникалық және кәсіптік білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыруға базалық жоғары, техникалық және кәсіптік білімі бар, пән деңгейіне сәйкес педагогикалық және әдістемелік қызметпен жүйелі айналысатын инженер-педагог кадрлармен және өндіріс орнында жоғары білікті тәлімгер ұстаздармен қамтамасыз етіледі.

3.7. Кәсіптік практика -2118 сағат

- Өндірістік оқу -330сағат

- Кәсіптік дағдыға ие болу практикасы -600 сағат
- Технеологиялық практика -1080 сағат
- Диплом алды практикасы -108 сағат.

Білім алушылардың өндірістік оқуы оқу –өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында және оқу полигондарында оқу өндіріс шеберінің басшылығымен, ал кәсіптік практиканың барлық түрлері өндіріс орнында тәлімгер ұстаздың басшылығымен жүзеге асырылады. Өндірістік оқу мен кәсіптік практика оқу бағдарламаларының мазмұны оқу жоспарлары мен біліктілік талаптары негізінде жұмыс берушілермен келісіп, ал кәсіптік практика кестесі өндірістің жұмыс режимімен сәйкестендіріліп жасалды. Кәсіптік практика міндетті оқытудың (4212 сағат) жалпы оқу уақыты көлемінің 51%-ын құрап отыр (2118 сағат) және осы уақыт көлемінің 73%-ы өндіріс орнында өткізіледі.